

**«Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ» АҚ сенімгерлік  
басқаруындағы «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін  
инвестициялық басқару бойынша ақпарат**

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ» АҚ (бұдан әрі – Halyk Finance) сенімгерлік басқаруындағы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) **32 984,66** млн. теңгені құрап отыр. Halyk Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдары портфелінің құрылымы 1-кестеде берілді.

**1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде Halyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы**

*млн. теңге*

Атауы	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.01.2024 жылға үлесі	01.07.2024 жылға ағымдағы құны	01.07.2024 жылға үлесі	01.01.2024ж. бастап өсу/төмендеу
ҚР ҚМ МБҚ	501,69	3,65%	5 151,31	15,62%	926,79%
ҚР ҰБ ноттары	428,77	3,12%	0,00	0,00%	-100,00%
Шетел мемлекеттерінің МБҚ	835,91	6,08%	2 642,99	8,01%	216,18%
ХҚҰ	19,05	0,14%	387,13	1,17%	1932,59%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	22,93	0,17%	2 499,61	7,58%	10802,44%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	794,08	5,77%	1 069,07	3,24%	34,63%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	536,44	3,90%	4 317,19	13,09%	704,79%
ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	144,59	1,05%	3 223,54	9,77%	2129,43%
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	99,76	0,73%	650,58	1,97%	552,14%
Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	1 132,78	8,23%	3 979,78	12,07%	251,33%
ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары	49,96	0,36%	678,85	2,06%	1258,88%
Шоттардағы ақшалай қаражат	11,15	0,08%	16,96	0,05%	52,14%
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизия)	4,69	0,03%	16,42	0,05%	250,14%
Кері Репо (90 күнтізбелік күннен артық емес)	9 177,31	66,70%	8 351,25	25,32%	-9,00%
<b>ИПБ басқаруындағы ЗА жиынтығы</b>	<b>13 759,08</b>	<b>100,00%</b>	<b>32 984,66</b>	<b>100,00%</b>	<b>139,73%</b>
Жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер	0,00	0,00%	0,00	0,00%	0,00%
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	0,00	0,00%	0,00	0,00%	0,00%
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы</b>	<b>13 759,08</b>	<b>100,00%</b>	<b>32 984,66</b>	<b>100,00%</b>	<b>139,73%</b>

Дисконттық облигацияларды есептемегенде теңгемен номиналданған борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,90%-ға тең. АҚШ долларымен номиналданған борыштық қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі жылдық 5,05 %-ға тең.

### **Кері Репо операциялары (90 күнтізбелік күннен артық емес)**

Есепті айда кері Репо операцияларының ағымдағы құны 8 361,25 млн. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі – 25,32%.

Есепті күнге кері Репо операцияларның орташа алынған кірістілігі – 13,61%.

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті кезеңде портфель құрамына 3 063,81 млн. теңге сомасына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды.

Есепті айда ҚР ҚМ МБҚ ағымдағы құны 5 151,31 млн. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі – 15,62 %.

Есепті күнге ҚР ҚМ МБҚ орташа алынған кірістілік жылына 12,84 % құрады.

### **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары**

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі–ҚР ҰБ) ноттары сатып алынған жоқ. Есепті кезеңде ҚРҰБ ноттары портфельде жоқ.

### **Шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті кезеңде портфель құрамына шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 2 642,99 млн. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі – 8,01 %.

Есепті күнге шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 4,28 % құрады.

### **Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есепті кезеңде халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары портфель құрамына сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында халықаралық қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ХҚҰ) облигацияларының ағымдағы құны 387,13 млн.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі – 1,17 %.

Есепті күнге халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгемен жылына 13,20% құрады.

### **Қазақстан Республикасы резиденттері-эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті кезеңде портфель құрамына Қазақстан Республикасы резиденттері-эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында Қазақстан Республикасы резиденттері-эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 2 499,61 млн.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі– 7,58 %.

Есепті күнге Қазақстан Республикасы резиденттері-эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгемен жылына 17,42% құрады.

### **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары**

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің (бұдан әрі – ҚР ЕДБ) облигациялары портфель құрамына сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 1 069,07 млн.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі – 3,24 %.

Есепті күнге ҚР ЕДБ облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 11,10% құрады.

### **Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары**

Есепті кезеңде жалпы сомасы 1 309, 19 млн. теңгеге «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ купондық облигациялары, «Қазақстан тұрақтылық қоры» АҚ купондық облигациялары портфель құрамына сатып алынды.

Есепті айдың соңында Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 4 317,19 млн.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі–13,09 %.

Есепті күнге Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 11,05 % құрады.

### **Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 3 223,54 млн теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі –9,77 % .

Есепті күнге шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгемен жылына 11,41 % және АҚШ долларымен жылына 5,80 % құрады.

### **Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары**

Есепті кезеңде портфель құрамына Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынған жоқ.

Есепті айдың соңында Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 650,58 млн.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі –1, 97%.

### **Exchange Traded Funds (ETF) пайлары**

Есепті кезеңде портфель құрамына жалпы сомасы 912,45 млн.теңгеге SPDR Portfolio S&P 500 Value ETF (SPYV), Global X Uranium ETF (URA), Global X Artificial Intelligence & Technology ETF (AIQ), Exchange Traded Fund Health Care Select Sector SPDR Fund (XLV), iShares US Utilities ETF (IDU), Vanguard Consumer Staples ETF (VDC) пайлары сатып алынды.

Есепті айдың соңында ETF ағымдағы құны 3 979,78 млн. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі–12,07 %.

### **Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары**

Есепті кезеңде портфель құрамына шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынған жоқ.

Есепті кезеңде жалпы сомасы 214,2 млн теңгеге Magna International жай акциялары сатылды.

Есепті айдың соңында шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 678,85 млн теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі–2,06%.

### **Валюталық құрылым**

Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде берілді.

**2-кесте. Валюталар бөлігінде Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы**

млн теңге

Валюта	01.01.2024 жылғы ағымдағы құны	01.01.2024 жылғы үлесі	01.07.2024 жылғы ағымдағы құны	01.07.2024 жылғы үлесі	01.01.2024ж. бастап өсу/төмендеу
Ұлттық валюта	11 580,33	84,16%	22 422,00	67,98%	93,62%
Еуро	57,68	0,42%	6,31	0,02%	-89,05%
АҚШ доллары	2 121,07	15,42%	10 556,34	32,00%	397,69%
<b>Жиыны:</b>	<b>13 759,08</b>	<b>100,00%</b>	<b>32 984,66</b>	<b>100,00%</b>	<b>139,73%</b>

**Инвестициялық қызмет нәтижесі**

Инвестициялық қызмет нәтижесінде 2024 жыл басынан бергі есептелген инвестициялық табыс мөлшері 1 914,96 млн. теңге болды. 2024 жылдың басынан бергі зейнетақы активтерінің кірістілігі – 6,50%.

Есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде берілді.

**3-кесте. Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алған инвестициялық табыс құрылымы**

млн теңге

Атауы	2024 жыл басынан бергі инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс	1469,41
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	203,47
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	271,52
Басқа активтерді қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	0,00
Басқа табыс (шығын)	-29,44
<b>Жиыны:</b>	<b>1 914,96</b>

**Шартты бірлік құны туралы ақпарат**

Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты зейнетақы бірлігі құнының динамикасы 4-кестеде берілді.

**4-кесте. Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бір шартты бірлік құны**

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
1	01.06.2024	1 268,7922704
2	02.06.2024	1 268,7922704
3	03.06.2024	1 271,8630504
4	04.06.2024	1 271,8630504
5	05.06.2024	1 271,8630504
6	06.06.2024	1 271,8630504
7	07.06.2024	1 271,8630504
8	08.06.2024	1 271,8630504
9	09.06.2024	1 271,8630504
10	10.06.2024	1 274,3703183
11	11.06.2024	1 274,3703183
12	12.06.2024	1 274,3703183
13	13.06.2024	1 274,3703183
14	14.06.2024	1 274,3703183
15	15.06.2024	1 274,3703183
16	16.06.2024	1 274,3703183
17	17.06.2024	1 290,7035954
18	18.06.2024	1 290,7035954
19	19.06.2024	1 290,7035954
20	20.06.2024	1 290,7035954
21	21.06.2024	1 290,7035954

22	22.06.2024	1 290,7035954
23	23.06.2024	1 290,7035954
24	24.06.2024	1 303,5328649
25	25.06.2024	1 303,5328649
26	26.06.2024	1 303,5328649
27	27.06.2024	1303,5328649
28	28.06.2024	1303,5328649
29	29.06.2024	1303,5328649
30	30.06.2024	1 308,1337198

### Инвестициялық декларация өлшемдерін сақтау туралы ақпарат

Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық бөлу Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының портфеліне инвестициялық декларация<sup>1</sup> талаптарына сәйкес. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының портфеліне инвестициялық декларация талаптарын бұзбайды. 2024 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектерін сақтау туралы мәлімет төменде 5-кестеде берілді.

### 5-кесте. Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектері

№	Қаржы құралының атауы	Нақты мәні (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнынан пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1.	Ұлттық валютадағы ақшалай қаражат – теңге (KZT)	0,02%	иә
2.	Кері РЕПО	25,32%	иә
3.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінің кепілімен және (немесе) кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар	15,62%	иә
4.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	0,00%	иә
5.	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	5,27%	иә
6.	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстан Даму банкі», «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалы кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	4,98%	иә
7.	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар төмендегі талаптардың біріне сәйкес келген кезде: - банктердің Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzA-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы бар;	0,00%	иә

<sup>1</sup> Nalyk Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының портфеліне инвестициялық декларация "Nalyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 01 қарашадағы №34/22-3 сырттай дауыс беру қорытындысы туралы хаттама

№	Қаржы құралының атауы	Нақты мәні (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнынан пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	- банктер – Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар резидент емес банктің еншілес банктері.		
8.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар резидент емес банктердегі салымдар	0,00%	иә
9.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар төмендегі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: – Азиялық даму банкі (the Asian Development Bank); – Америкалық даму банкі (the Inter-American Development Bank); – Африкалық даму банкі (the African Development Bank); – Еуразиялық даму банкі (Eurasian Development Bank); – Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); – Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); – Еуропалық Кеңестің Даму банкі (the Council of Europe Development Bank); – Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); – Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); – Көпқырлы инвестициялар кепілі агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); – Скандинав инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); – Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); – Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); – Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); – Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); – Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation); сондай-ақ жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі 25%-дан кем емес халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздар.	1,17%	иә
10.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» деңгейінен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар шетелдік мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	8,01%	иә
11.	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:		иә
	1. Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг	2,06%	иә

№	Қаржы құралының атауы	Нақты мәні (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнынан пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары; 2. негізгі қор индекстері құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;		
	3. Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар	9,77%	иә
	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:		иә
12.	1. қор биржасында инвесторлардың кең ауқымы арасында жария ұсыныс (сату) аясында орналастырылған (орналастырылатын) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің акциялары және (немесе) базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; 2. қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; 3. негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары;	1,97%	иә
	4. Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «B+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар; 5. бұрын шығарылған бағалы қағаздарға не осы эмитенттің өзге де міндеттемелеріне айырбас мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау аясында шығарылған бағалы қағаздар.	13,66%	иә
13.	Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодесіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» немесе «Балама» алаңының «Борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілген және сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын өтейтін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының және (немесе) «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	0,00%	иә
14	Эксчейндж Трэдэд Фандс (Exchange Traded Funds), Эксчейндж Трэдэд Коммодитис (Exchange Traded Commodities), Эксчейндж Трэдэд Ноутс (Exchange Traded Notes) пайлары:		
	1) активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлар бойынша баға белгілеулері негізгі қор индексіне байланысты болатын Эксчейндж Трэдэд Фандс (Exchange Traded Funds) пайлары 2) Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайларын қоспағанда, Morningstar	12,07%	

№	Қаржы құралының атауы	Нақты мәні (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнынан пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	(Морнингстар) рейтингтік агенттігінің "3 жұлдызынан" төмен емес рейтинг бағасы бар Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange, Traded Commodities (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары		
15.	Қор биржасының ресми тізімінің «Аралас» алаңының «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сай қор биржасының ресми тізіміне қосылған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға басқарушы компаниясы болып табылатын интервал пайлық инвестициялық қорлардың пайлары	0,00%	иә
16.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BBB» деңгейінен төмен емес тәуелсіздік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар елдердің шетелдік валютасы	0,09%	иә
17.	Лондон асыл металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондон сапалы жеткізілімі" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сай аффинирленген асыл металдар және металл депозиттер, оның ішінде он екі айдан аспайтын мерзімге Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің «AA» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банктеріндегі металл депозиттер	0,00%	иә
18.	Базалық активті осы қосымшаға сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алу рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын хеджирлеу мақсатында жасалған төмендегі туынды қаржы құралдары: <b>опциондар</b> – сатып алушыға көрсетілген активті белгілі бір бағамен немесе белгілі бір күнге дейін сатып алу немесе сату міндеттемесін емес, құқығын беретін келісімшарт; <b>фьючерстер</b> – болашақта жасалатын сатып алу-сату мәмілесіне қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беруге байланысты келісімшарт; <b>форвардтар</b> – бір тарап белгілі бір мерзімде келісімшарттың мәнін беруге, ал екінші Тарап оны көрсетілген күн бойынша көрсетілген уақытта және көрсетілген жерде қабылдауға міндеттенетін шарт; <b>своптар</b> – болашақта келісімшартта белгіленген талаптарға сәйкес төлемдерді айырбастау туралы екі контрагент арасындағы келісім; жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының жиынтығын білдіретін туынды қаржы құралдары.	0,00%	иә

**Налук Finance сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат**

**6-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
------------	--------	-----------------------	------------------------



ҚР ҚМ МБҚ	KZT	Қазақстан қаржы министрлігі	3 063 808 755,34
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	KZT	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ	1 000 000 000,00
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	KZT	«Қазақстан тұрақтылық қоры» АҚ	309 187 433,33
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	SPDR Portfolio S&P 500 Value ETF (SPYV)	244 157 590,84
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	Global X Uranium ETF (URA)	189 787 026,24
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	Global X Artificial Intelligence & Technology ETF (AIQ)	158 520 075,09
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	Exchange Traded Fund Health Care Select Sector SPDR Fund (XLV)	106 704 700,66
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	iShares US Utilities ETF (IDU)	106 680 120,88
Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	USD	Vanguard Consumer Staples ETF (VDC)	106 599 237,03
<b>Жиыны</b>			<b>5 285 444 939,41</b>

**7-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сату бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	USD	Magna International	214 181 810,86
<b>Жиыны</b>			<b>214 181 810,86</b>

**8-кесте. Есепті айдағы бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
МҚҰ облигациялары	KZT	Еуразиялық даму банкі	500 000 000,00
<b>Жиыны</b>			<b>500 000 000,00</b>

**9-кесте. Есепті айдағы шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру болған жоқ			
<b>Жиыны</b>			

**10-кесте. Есепті айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда салымдар бойынша негізгі борышты өтеу болған жоқ			
<b>Жиыны</b>			